

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Поцелуевский А.П. Основы синтаксиса туркменского литературного языка. – Ашхабад, 1943. – 169 с.
2. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 247 б.
3. Оңалбаева К.Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі есімді сөйлемдер: филол. ғыл. канд. дис. автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2002. – 47 б.
4. Марр Н.Л. Историко-грамматические исследования. – М.-Л.: Наука, 1949. – 55 с.
5. Виноградов В.В. Русский язык. Грамматическое учение о слове. – М.: Высшая школа, 1972. – 337 с.
6. Севортян Э.В. О некоторых вопросах структуры предложения в тюркских языках. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Синтаксис / Под ред. Э.В.Севортяна. – М.: Наука, 1961. – 7 с.
7. Елікбаев Б. Қазіргі қазақ тіліндегі есімді құрмалас сөйлемдер: филол. ғыл. канд. дис. автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2000. – 52 б.
8. Сайрамбаев Т. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Рауан, 1991. – 175 б.
9. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. – Алматы: Санат, 1997. – 1316.

Резюме

В статье уделено внимание именным предложениям, их видам, особенностям использования в романе-эпопее классика казахской литературы, писателя М.О. Ауэзова Путь Абая. В частности, выясняется употребление автором разных видов именных предложений и особенностей их образования. Синтаксис предложения очень сложен, что связано с его видами. Одной из главных особенностей художественной силы романов М.О. Ауэзова является речевое мастерство. Богатство казахского языка, создававшееся на протяжении многих веков, писатель полностью усвоил и мастерски продемонстрировал в своих произведениях.

ДЕРБЕС АУДАРМАТАНУ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Жаримбетова Р. Н., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Жаратылыстану факультеттеріне арналған шет тілдер кафедрасы оқытушысы*

Бұл мақалада аударма теориясының өзекті мәселелері мен қазіргі таңдағы жағдайы, аударма ісінің заңдылықтары, бұл ғылымның зерттеу нысаны мен нысанасы сипатталған. Аударма жазылған туынды, сондықтан оның ойлау – психикалық әрекетін жүзеге асыратын негізгі құралы – тіл. Аудармада екі тілдің, түпнұсқа тілі мен аударылатын тілдің қызметі айрықша. Аударматану ғылымы үшін маңыздысы – бір тілдегі таңбалар жүйесін екінші тілге ресми түрде көшірудің жолдарын, айтылған ойды беру үшін екінші тілдің тілдік құралдарының қалай орналасқандығын, қалай ұжымдасқандығын айқындау емес,

түпнұсқаның коммуникативтік – функционалдық белгілерінің қандай тәсілдермен, қалай жеткізілгенін зерттеу, жүйелеу, ортақ заңдылықтарын белгілеу.

Түйін сөздер: аударматану теориясы, коммуникативті – функционалдық белгілер, лексикалық – грамматикалық құрылым, лингвистикалық теория, түпнұсқа

Actual issues of translation theory

The article examines the current actual issues of translation theory, law, goals and objectives of the translation business. Translation is a written work, so its main method by which the work is being translated is language. In Translation the main languages are considered to be the original language and the target language. The main thing is the translation methods, research, ordering transfer – communicative function of symbols rather than transmission of signs of one language to another.

Key words: theory of translation, communicative – functional symbols, lexical – grammatical structure, the theory of linguistics, original language

Дербес аударматану теориясының өзекті мәселелері

Аударма – көне де, жаңа да өнер. өнер болғанда, ол – сөз, әдебиет, публицистика, ғылымдарының ажырамас бір саласы. Аударма адамдардың көп замандарға созылған тарихында тілі өзге басқа адамдар қауымын түсінудің құралы, олармен қарым-қатынас жасаудың делдалы болған.

Аударма жұмысының өзі адамның шығармашылық ісі, рухани өнері. Ал аударманы зерттеу ісін, яғни оның теориясын аударма жұмысының нәтижелеріне, тәжірибелеріне сүйеніп жүргізетін, соларға иек сүйеп танытын ғылыми пән деп тануымыз керек. Ұлттың халықтар, мемлекеттер арасындағы рухани-мәдени, әлеуметтік-саяси, экономикалық-саяси қарым-қатынастарының ең қажетті құралы, дәнекер болған аударма жұмысы бұрынғы өзіндік рөлге ие. Халықтар, мемлекеттер арасындағы сан салалы қарым-қатынас өрбістеген бүгінгі дәуірде аударма өнерінің маңызы ерекше артып отырғаны да аян. Шығарманың мәнісінде осыншама ролі мен маңызы бар және өмір тынысының барлық жақтарына қамтитын іс-әрекеттің өзіндік теориялық негізі, ғылыми дәйек – тірегі болуға тиіс.

Бір тілден екінші тілге аудару ұзақ мерзім бойында практикалық тәжірибе түрінде жүзеге асырылып келді, ал өткен ширек ғасырда аударманың теориясы, аударматану терминдері атала бастаған; бірқатар халықтардың филология ғылымдарында аударматану ғылымының дербес саласы ретінде мәртебе алған да болатын.

Аударма теориясының қазіргі таңдағы жағдайы әлі де болса аударма ісін заңдылықтарын іздеумен қатар, бұл ғылымның зерттеу нысаны мен нысанасын нақтылау, түсуімен сипатталады. Аударма теориясының нысаны мен нысанасын анықтау мәселесі көптеген зерттеушілердің жұмыстарында қарастырылады (А. В. Федоров, А. Д Швейцар, В. Н. Комиссаров, Р. К. Миньяр – Белоручев т. б.).

Түрлі ғалымдардың аударма ғылымына берген қасиеттерін жинақтай келген Н.К. Гарбовский өзінің Теория перевода деген кітабында аудармаға төмендегідей анықтама береді:

Аударма – бұл адамдар арасындағы түрлі тілдер жүйесімен іске асатын коммуникативтік делдалдылықтың қоғамдық қызметі [1, 214].

Яғни түпнұсқадағы мазмұн мен форманың бірлігін бейнелеп беретін құралдарын үнемі іздендіретін және оларды жеткізетін мүмкіндіктердің ішінен ең қажетті

дегенін тандап алатын аударма өнері күрделі де қиын жұмыс. Осындай іздердіру мен тандап алуының өзінде де үлкен шығармашылық сипат бар, ой-сананың белсенді қызмет етуін қажет етеді.

Қазақ тіліндегі аударма сөзі де осындай анықтаманы иеленеді; аударма – бір тілден екінші тілге аударылған еңбек, туынды; іс-әрекетінің нәтижесі және аударма – бір тілден екінші тілге аудару ісі жүргізілетін процесс.

Бұл ұғымды З. Тұрарбеков Әдебиеттер достығының дәнекері атты еңбегінде былайша берген: Аударма дегеніміз бір тілде ауызша айтылған ой-пікірді, болмаса жазылған тексті тыңдаушыға екінші тілде, яғни оның ана тілінде түсінікті етіп жеткізу деген сөз [3, 7].

Ө. Айтбайұлы: Аудару дегеніміз – өзге тілдің құралдарымен баяндалған тексті екінші тілдің құралдарымен толық, әрі дәл жеткізу деген сөз [2, 4].

Аударма – басқа тілді түпнұсқа мәтінінің екінші бір тілде тең құнды қарым-қатынас орнату жолымен берілетін тілдік делдалдықтың бір түрі.

Таза қазақ тілінде аударма тәрбиесі XIX ғасырдың екінші жартысынан басталды. Ыбырай Алтынсаринның, Абайдың аудармаларын айтуымызға болады. Ол кезеңде орыс тілінен аудару дәстүрі кеңінен қалыптасады.

Жеке ғылыми тармақ ыңғайында аударматанудың зерттейтін нысаны, категориялары, негізгі ұғым – түсініктері болуға тиіс. Бір тілден екінші тілге аударудың теориясын ұсыну – қалай аудару жөнінде қандай да нұсқау, қағида айту дегендік емес; сондай – ақ мәселенің ерісі ішінара кездескен қате – кемшіліктерді тізбелеп шығудан анағұрлым кең.

Аударматану саласындағы зерттеуші ғалымдарымыздың бірі А. Алдашева қазақ аударматану ғылымында екі жағдаятқа назар аударуымыздың қажеттігін айтады. Оның бірі – көптеген зерттеулерде жасалған теориялық тұжырымдардың негізінде аударманың лингвистикалық теориясының дербес бағыт ретінде қалыптасқандығы; екіншісі – аударматану ғылымының басты – басты ұғым – түсініктерінің әлі де анық-қанықты саралана қоймағандығы. Қазақ мәдениетінде орыс тілінен қазақ тіліне аударудың бай тәжірибесі қалыптасқандығын, кез келген теориялық тұжырым практиканы қорытудан туындайтындығын айтуға тиіспіз. Аударманың іс-тәжірибесі қазақ ғылымында негізінен әдебиеттану саласының аясында көбірек талданып келгені және осы аспектіге бірыңғай лингвистикалық тұрғыдан қарастыру кейінгі жылдары ғана қолға алына бастағанына назар аудартамыз. Демек, аударманың лингвистикалық теориясы қазақ тіл танымы үшін жас ғылым, сондықтан да осы ғылымның негізгі бағытын айқындап бере алатын бірқатар ұғым – түсініктердің даралана қоймағанының себептері де түсінікті.

Аударма жазылған туынды, сондықтан оның ойлау – психикалық әрекетін жүзеге асыратын негізгі құралы – тіл. Аудармада екі тілдің, түпнұсқа тілі мен аударылатын тілдің қызметі айрықша.. Аударматану ғылымы үшін маңыздысы – бір тілдегі таңбалар жүйесін екінші тілге ресми түрде көшірудің жолдарын, айтылған ойды беру үшін екінші тілдің тілдік құралдарының қалай орналасқандығын, қалай ұжымдасқандығын айқындау емес, түпнұсқаның коммуникативтік – функционалдық белгілерінің қандай тәсілдермен, қалай жеткізілгенін зерттеу, жүйелеу, ортақ заңдылықтарын белгілеу.

Аударма – бір-біріне функционалды түрде балама бола алатын (функционалды теңбе – тең), яғни коммуникативтік теңбе-тең қызмет атқара алатын мәтін, туынды жасау деген сөз. Ал аударматану ғылымы-функционалды теңбе-тең мәтін жасаудағы екінші тілдің(аударылатын тілдің) құрамындағы сөз мазмұнының қолданылуы, өзгеру заңдылықтарын жүйелі түрде қарастырады.

Жазылған туынды – ой тиянақталған сөйлем, контекст, абзац немесе тұтас, көлемді жазылған шығарма. Аударманың негізгі бірлігі – минималды мәтін, сөйлем құрамындағы ой тиянақталған синтаксистік тұтастық (фраза, тіркес). Мәтін құрамындағы сөз контекстке тәуелді, ал контекстің лексикалық-грамматикалық құрылымы – тұтас ой жүйеленетін (бірнеше сөйлемнен жинақталатын) көлемді контекстке байланысты, өз кезегінде абзацтың мазмұны, құрылымы тұтас шығарманың позициясының, шығарма авторының тілі мен стилінің ықпалында болады. Бір тілден екінші тілге аударылған мәтін мен түпнұсқаның тілдік материалдарын және жеке тілдік бірліктің аударылуы ең шағын мәтін деңгейінде талдауға түскенде аударудың объективті заңдылықтары айқындалады.

Минималды мәтінді талдау үшін түпнұсқаның коммуникативті – функционалдық белгілері назарда болады. Түпнұсқаның коммуникативтік функционалдық белгілері: мәтіннің, туындының жанрлық-стильдік ерекшеліктері, тақырыбы; көркем шығарма болған жағдай- идеясы, мазмұны, тарихи дамудың қай кезеңінде жазылғандығы, автордың стильдік даралығы және түпнұсқаның лексикалық-грамматикалық құрылымы.

Түпнұсқаның коммуникативті-функционалдық белгілеріне екінші (аударылатын тілдің тілдік құрадаларының таңдалынуы, іріктелуі аудармадағы баламалылық (эквивалентность) түсінігін тудырады.

Аудармадағы баламалық дегеніміз – аудару процесі кезінде нақты бір нәтиже алу үшін нақты талаптар мен нормалар қадағалана отырып жүзеге асырылатын нысаналы қызмет түрі.

Баламалық – түпнұсқаның мазмұнын максималды түрде жеткізу, коммуникативтік – функционалдық белгілер мүмкіндігінше сақталған толыққанда, дәлме – дәл аударма жасау деген сөз, аудармадағы баламалылық аудармашының сан алуан, әрі сапалы сөз түрлендірулерін жасауын – екінші тілдің сөздік құрамынан сөз таңдауынан талап етеді. Сөз таңдау (сәйкестік табу) – түпнұсқадағы ақпаратты мүмкін болғанынша қамти алатын баламаны қолдану және аударылатын тілдің лексикалық-грамматикалық нормаларын қадағалау деген сөз. Мәтіннің ерекшеліктеріне қарай аудармашы сөздіктегі сәйкестікті екітілді лексикографиялық еңбектерде рәсімделген, түзілген баламаны пайдаланады. сонымен қатар семантикалық құрылымы стильдік қызметінде айырмалары бар функционалды сәйкестік жасайды.

Функционалды балама түпнұсқадағы лексикалық бірліктің мағынасын нақтылайтын, ұлғайтатын, стильдік рең үстейтін сәйкестіктер қолдану арқылы жүзеге асырылады. Коммуникативтік-функционалдық белгілер үшін аудармашы тарапынан нақтылау, ұлғайту, мағыналық дамыту әдістері пайдалыналады, сөздердің орны ауыстырылады, дербес лексикалық бірліктің орнына сөз тіркестері қолданылады, синонимдердің бірнешеуінің қатар жұмсалыуы арқылы мағына дамытылады, стильдік бояу үстеледі. Бұндай түрлендірудің нақты, объективті себептері болуға тиіс; объективті себептер болмаған жағдайда негізгі мазмұнның бұрмалауына жол бермеу мүмкін.

Аударманың лингвистикалық теориясының ауқымына енетін проблемалар, сонымен екі тілдегі тілдік бірліктерді салыстыру, баламалылықтың негізгі тәсілдерін, сөз түрлендірудің заңдылықтарын белгілеу. Бұл тілдер типологиясының, жалпы тіл білімінің, салыстырмалы тіл білімінің аясына қарай ойысатын мәселелер.

Аударма – күрделі және көп қырлы құбылыс. Сол себептен оны шекарасы тұйықталған шеңбердің көлеміне сыйғызу немесе теориялық үлгі – ұлбаға салу мүмкін емес. Әрбір жанрдың, стильдің аудармасын (мәселен, саяси стильдің, жеке бір прозалық туындының, драмалық шығармалардың, ғылыми әдебиеттің) аудармаларының бөлек, дербес

қарастырылуы аударма құбылысының табиғаты мен мәнін ашуға айқындауға елеулі үлес қосады.

Аударма тілін зерттеудің тағы бір маңызды жағы бар. Қазақ мәдениетіндегі аударма арагидік жүргізілген, ішінара атқарылған шаруа емес. Бұл тұтас бір кезеңдегі мәдени дамудың ажырамас, мейлінше көлемді бөлігі. Төл мәдениеттің біте қайнасқан аударма процесі қазақ әдеби тілінің лексикалық-грамматикалық құрылымының стильдік жүйесінің синхронды дамуы мен қалыптасуына, жетілуіне ықпал етті. Қазақ тіл білімінің лексикология, семасиология, тіпті лексикография, стилистика салаларының теориялық практикалық негіздері үшін де аударманың табиғатымен айқындау маңызды.

Аударматану ғылымының негізгі нысандары мен бірлігі, анықтамасы турасында шолу тұжырым жасаудың ең соңында, теориялық мәселенің қойылуының практика үшін де маңызы зор екендігіне назар аударуға болады.

Қоғам өркениеті үшін орыс тілімен қатар еуропалық тілдерден, шығыс тілдерінен қазақшаға тәжімалау (және керісінше) жаппай сипат алып отырған қазіргі жағдайда, қазақ қаламгерінің таланты мен шеберлігінен туындаған тәжірибенің негізінде аударудың тәсілдерін, түрлерін сөз туындаудағы заңдылықтарды, кемшіліктерді ғылыми тұрғыдан сипаттау, аудару процесінің әсерінен тілдің лексикалық – грамматикалық құрылымындағы, қолданымдық қызметінде жаңалықтарды түйіндеу аудармашылық іске бет бұрған маманның қызметіне бағыт-бағдар сілтейді.

Аударма – бір тілдің жазылған мәтінді екінші тіл арқылы жеткізу; сондай-ақ осы іс-әрекет арқылы алынған нәтиже, мәтін, туынды. Тақырыбы, мазмұны, стильдік белгілері дайын мәтіннің екінші тілде функционалды теңбе-тең балама – түпнұсқамен аударылатын (аударылған) мәтіннің жанрлық-стильдік ерекшеліктері, атқаратын қызметі бірдей болуы керек, яғни түпнұсқа қандай ақпараттық, ықпал ету эстетикалық қызмет атқарса, аударылған мәтін де сондай қызметте көрінуі қажет деген сөз. Бұл жағдай екінші тілдің (қазақ тілінің) лексикалық құрамына, грамматикалық синтаксистік құрылымына қозғау салады, тілдік құралда функционалды қызметіне қарай іріктеледі. Қазақ тілінің тілдік бірліктерінің ішкі мазмұнына қарай таңдаулы түпнұсқаның коммуникативтік-функционалдық белгілеріне сәйкес жүзеге асырылады, бұл аударудың тәсілдері (сөзбе-сөз, дәлме-дәл) болатындығын көрсетеді. Негізгі амал – тәсілдердің әр қайсысының өзіне тән айырым белгілері бар.

Аударылатын мәтін – қазақ тілінде оқитын адамның қабылдау – түсіну ерекшеліктеріне сай болуы керек. Демек, қазақша қай тілден жасалған мәтін болсын, қазақ әдеби тілінің табиғи заңдылықтары, лексикалық-грамматикалық, стильдік нормалары сақталуға тиіс.

Аударма – көп қырлы, аса ауқымды мәселе. Ол көптеген ғылымдармен тығыз қарым-қатынаста, сондықтан аударма әдебиеттану, философия, психоллингвистика, әлеуметтану, мәдениеттану ғылымдарының нысаны да бола алады. Сонымен қатар, аударманың, бір тілде жазылған мәтінді екінші тілге қайыра жасап шығудың негізгі құралы – тіл. Демек, аударманың тіліне лингвистикалық талдау – тілдік фактілерді қатар қойып тізбелеп шығу емес, бұл – екі тілдегі бірліктердің контекстік көлеміндегі қолданымдық мүмкіндігінің ортақ заңдылықтарын көрсету, дәлелдеу. Аудармаға жасалатын лингвистикалық талдау атқаратын қызметтеріне қарай топтасатын мәтіндер негізіндегі сөз таңдау мәселесінің шешілуіне ықпал етеді; жалпы тіл білімінің, салыстырмалы тіл білімінің бірқатар өзекті мәселелерінің таратылып айтылуына, ғылыми түйінделуіне септігін тигізеді деген ойдамыз.

Аударманың процесс өтуі үшін де, теориялық түйіндерін жасау үшін де маңызды факторлар – аударудың амал-тәсілдері. Осыған орай қазақ тілінде аударудың ерекшеліктеріне қарай таратып айтуды, нақтылай түсуді қажет ететін бірқатар ұғым-түсініктер бар.

Теориялық еңбектерде идеалды аударма, тепе-тең аударма, төлтума, толыққанды нақты, баламалы, эквивалентті аударма деген атаулар орын алады. Кейбір зерттеулерде бұл терминдер синоним ретінде ұсынылады. (А. Федоров, Я. Рейкер, А. Алдашева).

Аударманың ойлау қызметінің жемісі болғандықтан, бір тілден екінші тілге аудару процесі, әрекеті белгілі бір тәсілдер арқылы жүзеге асырылады. Аударудың дәстүрлі түрлері аталатын амалдары: сөзбе-сөз, еркін, баламалы. Қазақшаға аудару тәжірибесінде игерілгендері де, әр қайсысының тиімді-тиімсіз жақтары сараланып айтылып жүргендері де аудару амалдарының негізгі түрлері.

Сөзбе-сөз тәсілі – тілдік бірліктің сыртқы нысаны, ішкі мазмұнын нақ, сол қалпында аудару дегенді білдіреді. Калька амалы – сөз жасамның бір жолы, тілдің сөздік құрамына байытудың оңтайлы көзі деп есептеледі. Бұлайша бағаланудың объективті себептері бар. Қазақ әдеби тілінің белгілі бір кезеңдеріндегі күй – қалпында да, даму сатыларында да лексикалық қабатының қозғалысына калька тәсілінің позитивті пайдасы көп болды. Әсіресе терминдік жүйенің жасалу жолдарының бірдейлестіруіндегі, реттелуіндегі орны айрықша. Сонымен қатар, өзге тіл лексикасының құрылымдық бірлік тұлғаларының мағыналар ауқымының дәлме-дәл көшірмесін жасау төл сөздердің мағыналарындағы семалар процесстерге, жаңа синтаксистік қарым-қатынастардың түзілуіне де себеп тигізеді.

Еркін аударма дегеннің қағидасынан аудармашының түпнұсқасының мазмұнын ең бетінше әңгімелеп кету деген ұғым туындайды. Түпнұсқаны аудару тәсілдерінің қатарында аталып жүргенімен еркін аударуға бой ұрып, осыны анық айқын етіп алған қазақ аудармашылары жоқ десе де болады. Бұл тәсілдің толыққанды нәтиже бермейтіндігі аударматану тарихында әріден-ақ аңғарылады, мәселен, XVIII ғасырда француз аудармашының Шекспирдің, Сервантестің шығармаларын тәжімалау тым еркін кетуіне туған қателіктер әсіресе көркем аударманың өзге тіліндегі нұсқасын жасау үшін басқада оптималды, сөзбе-сөз және еркін аудармадағы кемшіліктерді болдырмайтын, тиімді тәсілді іздестірудің қажеттілігін көрсетеді.

Қазақ аударматануында дәлме – дәл немесе балама аударма деген аталымдар бар. Бұның екеуі де адекватты деген ұғымдар береді. Мәселеге тура көзбен қарайтын ғалымдар мақұлдайтын осы тәсіл, ол арқылы түпнұсқаның ғылыми дәрежесі, автордың стилі сақталады, мазмұны, пікір желісі мен логикалық байланыс бұлжытпай беріледі, нақтылы ұғымдардың мағынасын дәл көрсететін терминдер дұрыс қолданылады.

Шетел және орыс тіл білімінде адекватность және эквивалентность деген екі термин айтылады. Былайша тарамдауға ғалымдар тарапынан түпнұсқа тілінің және стильдік ерекшелігінің, ақпараттық және эстетикалық қызметінің екінші тілдік – стильдік бірліктерімен берілуіндегі негізгі белгілерді басшылыққа алады. Осыған орай, сәйкестік (соответствие; В. Рецкер), баламалылық (эквивалентность; Ю. Нида, [5, 304], В. Комиссаров [4, 250], А. Швейцер), адекваттылық (адекватность), толыққандылық (полноценность; Федоров А.) деген бірқатар терминдер ұсынылған. Аталған терминдердің бір ұғымды қолданатын, сондай – ақ олардың әрқайсысын даралап, дербес анықтамамен белгілеуге әрекет жасаған көзқарастар да бар. Айталық, В. Н. Комиссаров баламалылық және сәйкестік ұғымдарына екі басқа түсінік береді.

Түпнұсқаның коммуникативтік мүддесін аудармада сақталуы, стильдік-прагматикалық ерекшеліктердің барынша жеткізілуі, екі мәтіннің бір-біріне максималды түрде жақын болуы аударудың балама тәсілі арқылы жүзеге асады. Балама аударма жасауға мәтіннің жанрлық ерекшелігін, қандай жағдайға бағытталғанын, коммуникацияның мақсатын, коммуниканттардың (қабылдаушының) қай тобына арналған ескере отырып, қазақ тілінің тілдік құралдарын қалай игерудің тетіктерін дөп айтқанда ғана қол жеткізуге болады. Балама аударма мәтіндегі әр алуан трансформациялардың – сөз мағынасын түрлендірудің, сөз алмастырулардың, кейбір реттерде аудармашы пайдаланатын тұтас фразаны, сөйлемді түсіріп тастаудың заңдылықтарын көрсетеді, аудармашының тілдік құралдардың бірін саналы түрде таңдап алуының себептерін анықтауға жәрдемдеседі.

Түпнұсқа тіл мен аударма тілдің әр түрлі тілдер типологиясына енуі, аударманың көздеген мақсаты мен мәтіннің жанры, аудармада тілдік нормалар мен талаптардың сақталуы, лексемалардың көп мағыналылығы, барлығы дерлік аударма процесінде лексикалық бірліктердің баламалылық сәйкестігін табуда біршама қиындықтар тудыратыны сөзсіз.

Аударманың мәдениеттің дамуында қолданбалы болу қызметі басқа елдің мәдениетін танып, олармен араласып, ұлттық байлықтарды бір-бірімізден алуды дамыту, жүзеге асырумен құрастырылады. Ең алдымен өз ана тілінді байыту, дамыту процесі жүреді. Әдеби дамудың ішкі қажеттігі болып бір ұлт мәдениетінің екіншісімен байланысы болып табылады, яғни осы жерде аударманың жалпы мәдени қызметі қарастырылады, бұл қызмет негізгі екі жолмен жүзеге асады:

1. Аударма халықтың мәдени деңгейін көтеруші фактор;
2. Аударма ұлттық мәдениеттердің өзара байланысын, қарым-қатынасын көрсететін формалардың бірі;

Сондықтан аударма халықтар мәдениетін жақындастырушы нағыз құнды фактор болып есептеледі.

Әдеби мәдениет құбылысы ретінде аударма адамның эмоционалды ойына әсер етеді де, соның әсерінен адамзат тілі бай, сан түрлі түрі бар, ықпал ету күші бар құбылыс болып табылады. Басқа елдермен мәдениет арқылы қарым-қатынас жасап, өз тілін жетілдіре отырып, адам өзінің ойлау қызметін жетілдіреді.

Аударма тек қана адамзаттың жалпы мәдени деңгейін көтеріп қана қоймай, сондай – ақ оны тәрбиелейді, еңбекте, тұлға аралық қарым-қатынасында, тұрмыста сөйлеу мәдениеті, тіл мәдениетімен қамтамасыз етіп өзін ұстау нормасын қосады.

Халықтың тіл қазынасын меңгеру, тілді байытып, ұстарта білу үлкен өнер. Әрбір мәдениетті кісі сол өнерді үйренуге, тіл мәдениетін арттыруға талпынады. Тіл мәдениеті дегеніміз – сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айту шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыққандылық, сауаттылық. Тіл мәдениеті үшін күрес – ой дәлдігі үшін күрес. Ал тілдік норма – әдеби тілге сіңіскен, әдеби орныққан тіл байлықтары – тілдік норма дегенге жатады.

Пайданылған әдебиеттер:

1. Гарбовский Н. К Теория перевода, Издательство Московского Университета 2007, с 544.
2. Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі. А., 1997.